

**Қазақ тілі пәні бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған
тест спецификациясы**

Тест мақсаты: Жоғары оқу орындарына қабылдау мақсатында түсушілердің дайындық деңгейлерін анықтау.

Тест міндеті: Жоғары оқу орындарында білім алуды жалғастыру үшін түсушілердің қазақ тілінен білімді меңгеру деңгейін бағалау.

Тест мазмұны:

№	Бөлім	№	Тақырып
1	Орфографиялық, орфоэпиялық норма	01	Бірге, бөлек, дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу
		02	Ілгерінді ықпал, кейінді ықпал, тоғыспалы ықпал
2	Лексикалық норма	03	Тура және ауыспалы мағыналы сөздер
		04	Көп мағыналы сөздер
		05	Омоним, антоним, синоним сөздер
		06	Көнерген сөздер, неологизмдер
		07	Терминдер, кәсіби сөздер, табу сөздер
3	Грамматикалық норма-1 Морфология. Сөзжасам	08	Зат есім, мағыналық түрлері, сөйлемдегі қызметі
		09	Сын есім, шырай түрлері, сөйлемдегі қызметі
		10	Сан есім, мағыналық түрлері, сөйлемдегі қызметі
		11	Есімдік, мағыналық түрлері, сөйлемдегі қызметі
		12	Етістік, салт, сабақты етістіктер, етіс түрлері
		13	Етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлері
		14	Үстеу, мағыналық түрлері, сөйлемдегі қызметі
		15	Еліктеу сөздер, окшау сөздер
		16	Шылау түрлері
4	Грамматикалық норма-2 Синтаксис	17	Сөз тіркесі. Есімді, етістікті сөз тіркестері, байланысу тәсілдері мен түрлері
		18	Тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелері, бірыңғай мүшелер, жалпылауыш, айқындауыш мүшелер
		19	Жай сөйлемдер, айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшеліктері
		20	Құрмалас сөйлем түрлері. Салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлері, тыныс белгілері
		21	Сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлері, тыныс белгілері
		22	Аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдары, тыныс белгілері
		23	Төл сөз, төлеу сөз, автор сөзі, тыныс белгілері
5	Оқылым	24	Мәтінмен жұмыс

Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы

Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 50 %, орташа деңгейде В – 30 %, жоғары деңгейде С – 20 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жана жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен

салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

Тесттегі тест тапсырмаларының саны:

Тест қазақ тілі бойынша 40 тест тапсырмасынан тұрады. Оның ішінде:

- 25 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 5 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 1 контекст;
- 5 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 5 сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмалары бар.

Тапсырма мазмұнының сипаттамасы

Тест тапсырмалары түсушілердің қазақ тілінен білімін, біліктілігі мен дағдыларын, игерген білімдерін өмірлік жағдайларда пайдалану қүзыреттілігін тексеруге бағытталған.

Тест тапсырмаларын орындау уақыты: тест тапсырмасының орындалу уақытының орташа ұзақтығы – 1,5-2 минутты, жалпы тестті орындау уақыты – 70 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».